

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Экономика, басқару және құқық факультеті**  
**Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша**  
**Академиялық комитет мәжілісінің**  
**№3 хаттамасы**

**Түркістан қаласы**

**27.11.2023ж.**

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы: А.Исаева, АҚ мүшесі, академиялық персонал М.Сабытханова, білім беру бағдарламасының оқытушылары: Б.Кылыч, А.Абубакирова, Б.Шарханова, Б.Кенешбаев, Б.Дандаева, А.Куралбаев, Е.Айнақожаев және АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі: Н.Д.Медеуов, Б.Б.Нұридін АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі А.Уалдинұлы.

**Қатыспағандар – жоқ.**

**Күн тәртібі:**

1. Бакалавриат деңгейдегі ББ бойынша төрт тілді оқыту бағдарламасының іске асыруын талдау.
2. ББ түлектерінің моделін әзірлеу (Қос диплом ББ бойынша)

**Тыңдалды:**

1. Бакалавриат деңгейдегі ББ бойынша төрт тілді оқыту бағдарламасының іске асыруын талдау.

**АҚ төрағасы А.Исаева сөз алып** 2023-2024 оқу жылында «Қызмет көрсету саласы» даярлау бағыты бойынша қазіргі таңда 1 курс – 1 топ, 2 курс – 2 топ, 3 курс – 1 топ, 4 курс – 3 топ бар, 2 топ қана орыс тобы, қалған топтар қазақ және түрік тілдерінде дәріс алып жатқандарын айтып, 3 тілдік жасалынған жоспар бойынша ағылшын тілінде де дәріс жүргізуіміз керек екендігін, жоспарды толыққанды жүзеге асыру үшін ағылшын және түрік тілі курстарына қатысып тіл деңгейін растайтын сертификат алуымыз қажеттігін айтты. Білім беру бағдарламасының ерекшелігіне баса назар аударып тек қазақ және түрік тілінде дәріс жүргізіп қана қоймай, ағылшын тілінде сапалы түрде дәріс бере алуымыз керек деді.

**Кафедра профессоры Б.Кылыч** та сөз алып Мугла Сыткы Кочман университетінде 3-4 курстарда пәндер ағылшын тілінде жүргізілетіндігін мысал келтіріп айтып өтті, барлығы өзіміздің қолымызда екендігін, бағдарламаны сапалы ету, түлектер моделін негізге ала отырып барлық құзыреттерді қалыптастыра алуымыз үшін толыққанды жұмыс жасауымыз, оқытушылар өздерін жан-жақты жетілдірулері керек екендігін, бұл нарық талабы екендігін алға тартып өз сөзін аяқтады.

**АҚ төрағасы А.Исаева сөз алып** 2023-2024 оқу жылында Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша дәріс беріп жатқан оқытушыларда Юнус Эмре сертификатының бар екендігін, сонымен қоса оқытушыларға ағылшын тілі курсына қатысып, IELTS, TOEFL сертификатын алу керек екенін айтты.

**Шешім:** Оқытушы-профессор құрамы тілдік деңгейлерін жетілдіріп, курстарға барып, тіл деңгейлерін растатын құжат алу қарастырылсын.

2. ББ түлектерінің моделін әзірлеу (Қос диплом ББ бойынша)

**АҚ төрағасы А.Исаева сөз алып** Туризм және Мейрамхана және қонақ үй бизнесі бойынша Түркия мемлекетіндегі Мугла Сыткы Кочман университетінің өкілі Б.Кылычпен екі білім беру бағдарламаларының міндетті және де кәсіби пәндері салыстырмалы түрде қарастырылып, негізгі оқу жоспары қайта дайындалды. Қазіргі таңда осы екі бағдарлама бойынша пәндердің жалпы сипаттамалары дайындалу барысында деп өз сөзін аяқтады.

**Кафедра профессоры, Мугла Сыткы Кочман** университетінің өкілі Б.Кылыч сөз алып университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова жаз мезгілінде Түркия

Республикасына арнайы қызметтік іс-сапарға барып, Муғла Сытқы Кочман университетінің ректоры Турхан Качармен кездескен болатын. Сол кезде тараптар бірлесе отырып, сапалы мамандарды дайындайтын білім бағдарламаларын енгізуге уағдаласқан еді. Өзара ынтымақтастықтың табысты нәтижесінде «Туризм» және «Мейрамхана және қонақ үй бизнесі» білім беру бағдарламалары Түркияның Жоғары білім беру кеңесінде (ҮӨК) қосдипломды білім беру бағдарламалары болып бекітілді. Қазақстан еліне, әсіресе Түркістан секілді туризм индустриясы қарқынды дамып келе жатқан өңірге аса қажетті салаларда қосдипломды білім беру бағдарламаларын ашылуы болашақта шәкірттеріміздің бәсекеге қабілетті болуына септігін тигізеді. Енді студенттеріміз бірден халықаралық деңгейдегі екі бірдей диплом ала алады: қазақстандық және түркиялық. Қосдипломды білім алу арқылы студенттер Ахмет Ясауи университетінде оқи жүріп, белгілі бір кезең ішінде серіктес Муғла Сытқы Кочман университетіне де оқуға бара алады. Алдағы уақытта университетіміз өзінің халықаралық серіктесімен бірлесіп, «Туризм» және «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» мамандықтары бойынша білікті кадрлар дайындайтын боламыз деп өз сөзін аяқтады.

**Шешім:** Қос дипломды дайындау ережелері негізге алынып ББ түлектерінің моделі жасалынсын.

АК төрағасы



А.Исаева